

№6 (20 923)
12 ақпан,
2026 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституция-сының 44-бабы, 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.
- Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
- Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
- Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап колданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 11 ақпан
№1170

*Үкімет отырысы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«АДАМ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТ – АДАМ ҮШІН»



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫҢДА ЕЛІМІЗДІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНЫП, АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ БЕЛГІЛЕНДІ. СОНДАЙ-АҚ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ, ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ ТИМУР СҮЛЕЙМЕНОВ, ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ - ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ ЖАСЛАН МӘДИЕВ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.



(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі 2-5-беттерде)

*Біз көтерген мәселе

Ысырап болған «тіршілік нәрі»

«ТІРШІЛІК НӘРІ» САНАЛАТЫН СУДЫ ОҢДЫ-СОЛДЫ ПАЙДАЛАНУ, ЫСЫРАП ЕТУ КҮНДЕЛІКТІ КӨРІНІСКЕ АЙНАЛДЫ. БАСҚАНЫ ҚОЙҒАНДА ЖЕРГІЛІКТІ КӨЛІК ЖУУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ТАЗА СУДЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫМЕН, ОНЫ ҚАЙТАЛАП ӨҢДЕМЕЙДІ. ОЛАРҒА ТАЛАП ҚОЙЫП ЖАТҚАН ДА ЕШКІМ ЖОҚ. ЕСЕПСІЗ ҚҰНДЫЛЫҚ ОСЫЛАЙША ТЕКТЕН ТЕККЕ ДАЛАҒА АҒЫП ЖАТЫР. «АТЫРАУ» ГАЗЕТІНІҢ БИЫЛҒЫ №4 САНЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН «СҰРАУЫ ЖОҚ СУ» АТТЫ МАҚАЛА ОСЫ ЖАҒДАЙДЫ МӘСЕЛЕ ЕТІП КӨТЕРГЕН ЕДІ. ТІЛШІЛЕР ЖАЗЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ҚР СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНЕ РЕСМИ ХАТ ТА ЖОЛДАҒАН БОЛАТЫН. БҮГІН БІЗ ТУЫНДАҒАН ПРОБЛЕМАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҮН ҚАТҚАН ЖАУАПТЫ ҚҰРЫЛЫМ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАУАБЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

(Толығырақ 11-бетте)



*Қайта өңдеу

Қалдық та кәдеге асады

БИЫЛ ОБЛАСТА ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУГЕ БАҒЫПТАЛҒАН БІРҚАТАР ЖОБАНЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. БҰЛ БАСТАМАЛАР МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА ЖӘНЕ «ЖАСЫЛ ДАМУ» АҚ-НЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.

Қазіргі уақытта өңірдегі бес ұйымның жобасы қаралған. Маңызды жоспарлардың қатарында «Фибратекс» ЖШС іске асырып жатқан қалдықтарды терең өңдеу негізіндегі полиэфирлі шпатель талшығын өндіру жобасы бар. Оның аясында тәулігіне 20 тоннаға дейін қалдық өңдей алатын өндірістік желі іске қосылады. Жобаның жалпы құны – 1 млрд. 159 млн. теңге. Кәсіпорын осы жылдың бірінші жартыжылдығында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Жоба толық іске қосылған соң жылына 7 мың тонна дайын өнім өндіріледі, 67 жаңа жұмыс орны ашылады. Бұдан бөлек биыл пластик поддондар өндіретін жобаны іске қосу көзделген.

– «АртПластик» ЖШС жобасы өнеркәсіпті дамыту қорының бірінші кезеңінен сәтті өтіп, екінші кезеңге ұсынылды. Ал қалған төрт жобаны биылғы бірінші жартыжылдықта іске қосу жоспарланған, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы Ботагөз Ынтымақова.

Маманның айтуынша, өңірде қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, пластик өнімдерді шығару, сондай-ақ қажетті жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, тағам қалдықтарын қайта өңдейтін зауыт салу жобалары қатар жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобаларды іске асыру қалдықтарды кәдеге жарату үлесін арттырып, полигондарға түсетін жүктемені азайтады. Сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсартып, өңірде жасыл экономика қағидаттарының дамуына ықпал етпек.

Өз тілшіміз

*Коммуналдық сала

ЖЕДЕЛСАТЫ ЖАҢҒЫРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ



ҚАЛАДАҒЫ АЛМАГҮЛ ШАҒЫНАУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕГІ ЖЕДЕЛСАТЫЛАРДЫҢ (ЛИФТ) ЖАЙЫ ТҰРҒЫНДАР ҮШІН КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕНІҢ БІРІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. ӨСІРЕСЕ 9 ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДЕГІ ЖЕДЕЛСАТЫЛАР ӨБДЕН ТОЗҒАН. ДЕГЕНМЕН БҰЛ ПРОБЛЕМАНЫҢ ЖАҚЫН АРАДА ШЕШІЛЕТІН СЫҢАЙЫ БАЙҚАЛМАЙДЫ. (Толығырақ 19-бетте)